

Международный опыт показывает, что современное налоговое администрирование осуществляется на основе сведений, получаемых не только от уполномоченных государственных органов, но и от бизнеса. К примеру, на основании сведений коммунальных организаций по объемам потребления воды и электроэнергии субъектами бизнеса, поступление в бюджет налогов увеличено на 4,8 млрд. тенге. Данный пилотный мониторинг проводился со второго полугодия 2018 года. В настоящее время проводится анализ его эффективности [4].

Теневой сектор является одной из главных проблем национальной экономики, поэтому противодействие её росту должно охватить все уровни управления народным хозяйством и взаимоотношения государства и общества.

Список использованных источников

1. Даримбетов Б. Н., Спанов М. У. Теневая экономика Казахстана: источники и механизмы реализации. – Электронный ресурс: <https://dereksiz.org/b-n-darimbetov-m-u-spanov-tenevaya-ekonomika-v-kazahstane-isto.html>
2. Как Казахстан борется с теневой экономикой. – Электронный ресурс: <https://strategy2050.kz/en/news/53594/>
3. Объем теневой экономики в Казахстане. – Электронный ресурс: <https://www.zakon.kz/5029920-obem-tenevoy-ekonomiki-v-kazahstane.html>
4. О мерах по снижению уровня теневой экономики. – Электронный ресурс: <https://www.zakon.kz/5030301-doklad-ispolnyayushchego-obyazannosti.html>

УДК 334.7.012.63/.64-048.88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ

Бисенов Алмат Аскарлович

almat.777bisenov@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика және Кәсіпкерлік кафедрасының

3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Карипова А.Т.

Қоғам күн сайын саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге ұшырап жатқан бүгінгі таңда кез-келген мемлекеттің алдындағы міндеті – қолда бар барлық мүмкіншілікті тиімді пайдаланып, елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ету. Бұл жағдай тікелей біздің елімізге де қатысты. Ал мұндай мүмкіндікті жүзеге асыру үшін ашық нарықтық экономика жағдайында бәсекелестікті арттыру, отандық экономиканы шетелдік инвестиция және ішкі қорды тиімді пайдаланғанда ғана қол жеткізуге болады.

Әлемдік экономикада болып тұратын түрлі экономикалық толқындар мен циклдардан өзге соңғы кезде пайда болған жағдайлар, атап айтсақ, әлемді жайлаған COVID-19, Ресей секілді алпауыт көршіге батыстың дамыған елдері тарапынан қойылған экономикалық санкциялар, бір кездегі Кеңес үкіметінен бөлініп шыққан мемлекеттердегі түрлі толқулар бір жағынан әлемдік экономиканың, екінші жағынан еліміздің экономикасының қарқынды дамуына үлкен тосқауыл болып отырған мұндай жағдайда кәсіпкерлікті, оның ішінде өз еліміздің ішінде өнім өндіретін өнеркәсіп салаларының дамуына аса көңіл бөлінуі тиіс.

Кәсіпкерлік – жеке және заңды тұлғалардың экономикалық қызметі. Бұл қызметтің мақсаты – меншікті қолданудан, тауарды сатудан, қызметтерді көрсетуден пайда табу. Кәсіпкерлік, сонымен қатар, кәсіпкердің беделі мен мәртебесін арттыру мақсатын көздейді.

Кәсіпкерлікті экономикалық категория ретінде сипаттауда негізгі мәселе оның субъектілері мен объектілерін анықтау болып табылады. Кәсіпкерліктің субъектілері, бірінші кезекте, жеке тұлғалар, жеке меншік, отбасылық, сонымен қатар ірі өндірістерді

ұйымдастырушылар болуы мүмкін. Мұндай кәсіпкерлердің қызметі өз еңбегінің және жалдамалы еңбек негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызмет өзара келісімшарттық қарым-қатынаспен байланысты және экономикалық мүдделері бір тұлғалар тобымен жүзеге асырылуы мүмкін. Ұжымдық кәсіпкерліктің субъектілері болып акционерлік қоғамдар, жалгерлік ұжымдар, кооперативтер және т.б. танылады.

Қазақстан Республикасында бүгінгі күні кәсіпкерлікті қолдау шаралары көптеп жүргізілуде. Олардың қатарына «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017- 2021 жылдарға рналған бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы-2020», ҚР Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы, «Агробизнес 2017-2021 жж.» [1].


Кәсіпкерліктің объектісі – кірісті барынша көбейту үшін өндіріс факторларының ең тиімді амалы.

Кәсіпкерлікке шаруашылықты жүргізу әдісі ретінде ең негізгі талап шаруашылық жүргізуші субъектілерінің дербестігі мен тәуелсіздігі, оларда кәсіпкерлік қызмет түрлерін, қаражаттандыру көздерін таңдауда, өнімдер мен қызметтерге баға белгілеуде еркіндік пен құқықтың, өнімдердің қорына және оларды өткізуге қолжетімділікпен және т.б. сипатталатындығында болып табылады. Кәсіпкердің дербестігін нені, қалай және кімге өндіруге және қандай бағамен сатуға болатындығын көрсететін басқарушы орган жоқ деген мағынада түсіну керек. Алайда, кәсіпкер әрқашан нарық жағдайына, оның өнімдеріне деген сұранысқа тәуелді болып келеді. Кәсіпкерліктің екінші шарты – қабылданған шешімдерге және олармен байланысты тәуекел салдарына жауапкершілік. Тәуекелге бару әрдайым экономикалық жағдайдың белгісіздігінен, болжамсыздығынан туындайды. Кәсіпкерліктің үшінші шарты – коммерциялық табысқа жету, таза пайданы барынша арттыруға ұмтылу.

Енді өнеркәсіп кәсіпорындарының соңғы жылдардағы беталысына тоқталайық.

Кәсіпкерлікпен айналысатын өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары 2019 жылдың II тоқсанында 2019 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда өндіріс көлемі мен дайын өнімге сұраныстың артқанын атап өтті.

Іскерлік белсенділіктің өзгеруін сипаттайтын кәсіпкерлік сенімділік индексі (+9%) құрады. Өнеркәсіптік кәсіпорындар басшыларының көпшілігінің бағалауынша таяу болашақта ағымдағы сәтпен салыстырғанда қаржы-шаруашылық қызметтің жақсаруы күтіледі. Статистикалық мәліметтерге қарағанда мұндай оң өзгерістің болғанын 2019 жылдың екінші жарты жылдығының көрсеткіштерінен көруге болады [2].



Сурет 1. 2019 жылы Қазақстанда өнеркәсіптің өсуі
Кәсіпкерлік сенімділік индексі (пайыздық өлшеммен)

ҚР әлеуметтік – экономикалық дамуының және 2020 жылғы қаңтар-шілдедегі республикалық бюджеттің атқарылу барысына қарап мынадай қорытындыларға келуге болады: 2020 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1,3% - ға артты; Оң динамика еліміздің 12 өңірінде сақталды. Атап айтар болсақ, тау-кен өндіру

секторының құрылымында «Комаров тау-кен кәсіпорны» ЖШС кәсіпорны есебінен түсті кен өндіру 2,5% - ға ұлғайды;

Темір кенін өндірудің өсуі өткізу нарықтарын қайта бағдарлау, сондай-ақ «ССТКБӨ» АҚ, «Өркен» ЖШС, «Вару Mining» ЖШС кәсіпорындарында өндіру көлемін ұлғайту есебінен 0,9% - ды құрады.

Көмір өнеркәсібінде көмір өндіру көлемінің өсуі 102,6% - ды құрады;

Кәсіпорындар бойынша өндірістің ұлғаюы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, ERG «Восточный» разрезі, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Майкубен-Вест» ЖШС, «Қаражыра ЛТД» ЖШС байқалады. «Қарастырылып отырған кезеңде көмір өндіруші компаниялар 62 млн тонна көмір өндірді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3% — ға артық.

Жалпы өңдеу өнеркәсібінде өсудің нақты көлем индексі 3,8% болды.

Өсімді мынадай салалар қамтамасыз етті: түсті металлургия, фармацевтика, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, химия және т. б. Түсті металлургияда өндіріс көлемі аффинирленген алтын өндіру көлемінің 3% — ға, бастапқы алюминий өндіру көлемінің 1% - ға және т. б. ұлғаюы есебінен 3,9% - ға өсті. Химия өнеркәсібінде өндіріс көлемі 3,6% - ға артты, бұл Б.Атамқұловтың айтуынша, дезинфекциялық құралдар өндірісі көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ «ҚазАзот» АҚ-да аммиак селитрасы мен аммиак, фосфор қышқылы, «Қазфосфат» ЖШС-де аммофос өндірісі көлемінің өсуімен байланысты. Машина жасау саласы жақсы нәтижелер көрсетіп отыр. Мұнда, министр атап өткендей, өндіріс көлемі 13,9% - ға өсті. «Автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелерді шығару 45,1% — ға, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату 3,4% - ға, өзге де көлік құралдарын өндіру 113,8% - ға, электр жабдықтары 0,2% - ға ұлғайды», - деп хабарлады Б.Атамқұлов. Фармацевтика өнеркәсібінде өндіріс көлемі 23,2% - ға өсті. Өсім «Dolce» ЖШС-де шығарылатын өнім көлемінің 67% - ға, «Химфарм» АҚ-да 9% - ға және «ПФК Элеас» ЖШС-де 21 есе ұлғаюымен байланысты. Сондай-ақ, «СК-Фармация» бірыңғай дистрибьюторы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды жеткізу ұлғайтылды. Бүгінгі таңда медициналық маскалар өндірісінің көлемі тәулігіне 1,2 млн дананы құрайды, бұл ішкі нарықтың қажеттілігін толығымен жабады. 2020 жылдың соңына дейін өндірісті тәулігіне 1,5 млн данаға дейін арттыру жоспарлануда. Сондай-ақ, тәулігіне 530 мың жұп медициналық қолғап, айына 900 мың дана қорғаныс жиынтығы шығарылады. Дәрі-дәрмек өндірісі жылына 3,9 млрд данаға жетеді. Жеңіл өнеркәсіп өндірісінің өсуі тоқыма бұйымдары өндірісінің 8,3% - ға және былғары өнімдері өндірісінің 6,9% - ға ұлғаюы есебінен 7,3% - ды құрады. Көлік бойынша нақты көлем индексі 2020 жылғы қаңтар-шілдеде 84,4% - ды құрады. Транзиттік контейнерлік тасымалдардың жалпы көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37% - ға артып, 483,1 мың жиырма футтық баламаны құрады. Тұрғын үй құрылысы саласында 7 айдың қорытындысы бойынша елімізде 6,9 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңіне 107,5% - ды құрайды. Құрылыс бойынша нақты көлем индексі 2020 жылғы қаңтар-шілдеде 106,3% - ды құрады. Өсім өңірлерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын қайта бастауға байланысты құрылыс көлемін арттыру есебінен қамтамасыз етіледі [3].

Оң динамика еліміздің барлық өңірінде байқалды, бүгінгі күні республика бойынша барлығы 61 308 тұрғын үй (оның ішінде – 22 641 жеке үй) пайдалануға берілді. Тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің артуы өткен жылмен салыстырғанда 15 өңірде байқалады.

Өңірлерде кәсіпкерліктің жаңа тобының дамуын қамтамасыз ететін маңызды проблемалардың шешімі "Бизнестің жол картасы - 2025" бағдарламасында айтқын көрсетілген [4].

Қазақстандық бизнес – бұл реформалардан туындайтын экономика секторы. Елімізде өркениетті бизнестің пайда болу кезеңін ел Президентінің сонау ХХ ғасырдың 90 жылдарының аяғындағы «Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы» Жарлығы қабылданған болатын. Содан бері оның басым дамуы мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады және қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің көпшілігі сонымен байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық реформаның басым бағыттарының бірі шағын бизнестің қалыптасуы мен дамуы болып табылады. Шағын бизнесті өнеркәсіп секторын диверсификациялау (әртараптандыру) арқылы бірлескен дамыту «Қазақстан – 2030» Стратегиясы негіздерінің бірін құрайды. Қазақстандағы шағын бизнес шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесін құрудағы қажетті буын ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік қайта құрылуындағы неғұрлым маңызды элемент болып табылады. Шағын бизнестің ҚР ЖІӨ-нің 28,3% - ын құрайды (әлемдік орташа деңгей - 63%), ал ШОБ-те жұмыс істейтіндердің үлесі республикалық еңбек нарығының 36% - ын құрайды [5].

Ұлттық экономика ауқымында Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің танымалдығы артып келеді, алайда белсенділік қарқыны айтарлықтай төмен – Қазақстанда кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі орташа әлемдік шамадан екі есе төмен (ЖІӨ-де 63% және жұмыспен қамтылғандар санынан 47%). Өңірлер арасында жалпы өңірлік өнімді қалыптастыруда ШОБ - тің ең көп өңірлер: Астанада – ЖӨӨ-нің 46%, БҚО-да (40%) және Алматыда (29%) байқалады. Дегенмен, көріп отырғанымыздай бүгінгі күнгі жетістік деңгейі межедегіден әлдеқайда төмен. Осыған орай қазақстандық сарапшылардың елдегі кәсіпкерлік экожүйені жақсартудың жолдары бойынша ұдайы ұсыныстар жасайды. Олардың ішінде көңілге қонымдылары және нақты нәтиже беретіндері жоқ емес. Енді ел сарапшыларының ұсыныстарына талдау жасалық.

Көптеген сарапшылар мемлекеттік саясатты кәсіпкерлер үшін ыңғайлы ету үшін оны жетілдіру мүмкіндіктерін атап өтті (58,8%).

Сарапшылар салық жүктемесін жеңілдетуді, реттеу жүйесін оңайлатуды, кәсіпкерлерді қолдау жүйесін жақсартуды ұсынды. Сарапшылар сондай-ақ білім беру мен кәсіптік даярлықты жақсарту мәселелерін көтерді (29,4%). Атап айтқанда, сарапшылар ШОБ-ті мемлекеттік қолдаудың барлық деңгейлерінде кәсіпкерлік саласында білім беруді, басқа елдерде жұмыс істейтін және валюталық ауытқуларға ұшыраған ШОБ-ті қолдау қажеттілігін атап өтті. Сондай-ақ, сарапшылар жаңа және дамып келе жатқан кәсіпорындарға қаржылық қолдауды жетілдіру әдістерін қарастырды (35,3%). Олар бизнес – инкубаторлар мен бизнес – акселераторларды дамытудың, венчурлік қорлар құрудың, краудфандингті реттеу саласындағы заңнаманы қолжетімді ету үшін оны дамытудың маңыздылығын атап өтті, «салықтық демалыстарды» енгізуді және банктерде несиелік пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуді ұсынды. Төменде кәсіпкерлік экожүйені жетілдіруге байланысты сарапшылар ұсынған салалар берілген.

| Ұсынымдар* | % |
|--|------|
| Мемлекеттік саясат | 58.8 |
| Қаржылық қолдау | 35.3 |
| Білім және кәсіби дайындық | 29.4 |
| Ішкі нарықтың ашықтығы | 26.5 |
| Жемқорлық | 20.6 |
| Экономикалық климат | 17.6 |
| Мемлекеттік бағдарламалар | 14.7 |
| Саяси, институционалдық және әлеуметтік контекст | 14.7 |
| Интернационалдандыру | 11.8 |
| Мәдени және әлеуметтік нормалар | 5.9 |
| Ақпарат | 5.9 |
| ҒЗТКЖ беру | 5.9 |
| Жұмыс күшінің құны, қол жетімділік және реттеу | 2.9 |
| Физикалық инфрақұрылымға қол жетімділік | 2.9 |
| Кәсіпкерлікке бейімділік | 2.9 |

Сурет 2. Кәсіпкерлік экожүйені жетілдіру үшін жақсартуды қажет ететін сарапшылар ұсынған салалар, 2018

Сарапшылар сондай-ақ ішкі нарықтың ашықтығы мәселелерінің экономикадағы ұлттық және квазимемлекеттік компаниялардың үстемдігін және нарыққа шығатын жаңа фирмалар үшін кедергілер (26,5%) мәселелерін қозғады. Көптеген сарапшылардың пікірінше, кәсіпкерлік экожүйені жақсартудың тағы бір маңызды тәсілі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (20,6%). Сонымен қатар, сарапшылар Қазақстандағы экономикалық жағдайды жақсарту үшін көптеген бастамалар ұсынды (17,6%). Жалпы, сарапшылар кәсіпкерлік қызметтің барлық жағдайлары, соның ішінде ішкі нарықтың ашықтығы, мәдени және әлеуметтік нормалар, Қазақстандағы саяси, институционалдық және әлеуметтік контексттер және интернационализация бойынша ұсыныстар айтты.

Өнеркәсіп кәсіпкерліктегі проблемаларға және оларды шешу жөніндегі сарапшылар ұсыныстарын бағалайтын болсақ, мына мәселелерге көбірек көңіл бөлу керек сияқты:

1) Кәсіпкерлік бейімділік. Кесетеде бұл жағдайға тек 3 пайызға жетер жетпес көлемде көңіл бөлінген. Бідің ойымызша, кәсіпкерлікпен, оның ішінде өнеркәсіппен айналысатын кәсіпкерлер үшін өз қызметін жетік білу ған емес, оны жан-тәнімен жақсы көрсе нәтиже жоғары деңгейде болмақ. Шынында да кәсіпкерлердің көбі өздерінің кәсіпкерліктің қай түріне бейімі бар екенін білмей баратын кездері жиі кездеседі. Осыған орай болашақ кәсіпкерлердің бойында бар табиғи бейімділікті табуға, оятуға ықпал жасайтын тренингтер өткізілгені дұрыс. Мұндай тренингтерге қызығушылық танытушылардың көп болатыны анық, себебі елдің көбі өзінің не нәрсеге бейім екенін біле бермейді. Мұны Қазақстан Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы арқылы ұйымдастыру тиімді болмақ.

2) Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлерді ақпаратпен қамтамасыз ету мәселесі. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған жағдайында экономикалық жағдаяттар жылдам өзгерістерге ұшырап отырады. Көбіне-көп кәсіпкерлер жаңа жағдайға бейімделіп үлгіргенше тағы бір жаңалықтар пайда болады. Ал өз салаңдағы ақпараттан қалып қою, бәсекеге қабілетсіздіктің көрсеткіші. Демек, кәсіпкерлерді саладағы жаңалықтармен қамтамасыз етіп отырудың сыртында олар өздері ұдайы ізденісте болатындай жағдай тудыру керек. Бұны онлайн режиміндегі вебинарлар түрінде ұйымдасытырп отырса қолайлы болмақ.

3) Ғылыми зерттеу тәжірибе конструкторлық жобалардың нәтижесін (ҒЗТҚЖ) өренкәсіп кәсіпорындарында кеңінен қолдану. Сарапшылардың ұсынымдарында бұл бар болғаны 5,9 % ие. Бұл мүлде жеткіліксіз. Мәселе сауда немесе қызмет көрсететін кәсіпорындары туралы болып тұрған жоқ, мәселе өнеркәсіптік кәсіпорындары туралы болып тұр. Ал өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы дерлік өндірумен, өндеумен, жаңа тауар түрлерін шығарумен айналысады. Демек, олар үшін ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін пайдалану ауадай қажет. Бұл орайда өнеркәсіптік кәсіпорындардың ғылыми институттармен, зерттеулер жұмыстарымен айналысатын түрлі жоғарғы оқу орындарымен қоян-қолтық жұмыс жасауы өмірлік қажеттілік және бүгінгі күннің талабы.

Осы айтылған жұмыстар жанданар болса өнеркәсіптік кәсіпорындардың мүмкіншілігі артып, оның оң салдары ретінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсара түсетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту. Б-26 Оқу құралы/ «Атамекен» ҚР ҰКП, Нұр-Сұлтан «РА ЦВЕТ», ЖШС 2019. -292, ISBN 978-601-80513-7-1

2. Деловая активность предприятий промышленности и торговли. <https://www.zakon.kz/4977834-delovaya-aktivnost-predpriyatiy.html>

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы Дереккөз: <https://primeminister.kz/kz/news/2020-zhylgy-7-aydyn-korytyndysy-boyynsha-onerkasip-ondirisinin-kolemi-13-ga-osti-kr-iidm-117432>

4. "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 968 қаулысы. <https://adilet.zan.kaz/docs/P1900000968>

УДК 33:61

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Даниярова Аерке Даниярқызы

akerke-d@mail.ru

Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің
«Кәсіпорындағы есеп және аудит» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Өскемен
қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Нурекенова Э.С.

Денсаулық сақтау мекемелеріндегі есеп бюджеттік мекеменің шығыстар сметасы негізінде жүргізіледі. Бюджет бойынша шығыстар сметасының және арнайы қаражат бойынша сметалардың, сондай-ақ бюджеттен тыс басқа да қаражат бойынша сметалардың орындалуының бухгалтерлік есебі бюджетте тұрған мекемелер мен ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулықта көзделген шоттар жоспары бойынша бірыңғай баланста жүргізіледі. Мекемелердің шығыстар сметасының орындалуын есепке алу шоттарының жоспары бухгалтерлік есеп шоттарының жалпы қабылданған жоспарынан өзгеше.

Бұл денсаулық сақтау мекемелері ішінара бюджеттік қаржыландыруды қамтиды және күрделі жөндеуді ішінара қаржыландыру, жабдық сатып алу, мамандандыру және кейбір қызметкерлердің жалақысын төлеу сияқты шығындарды қамтиды [1].

Денсаулық сақтау бөлімінің аталған барлық емдеу-профилактикалық мекемелері, сондай-ақ ауылдық учаскелік ауруханалар, ауылдық дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер өз қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен алынған нақты қызмет түріне берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

Экономикалық қызмет қызметкерлері және ең алдымен бухгалтерия қызметкерлері кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін бухгалтерлік есеп пен есептіліктің бүкіл жүйесін жақсы білуі керек. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын алдын ала бағалау бухгалтерлік баланс деректерінің негізінде жүзеге асырылады. Талдаудың осы кезеңінде кәсіпорынның қызметі туралы бастапқы түсінік қалыптасады, кәсіпорын мүлкінің құрамындағы өзгерістер және олардың көздері анықталады, көрсеткіштер арасындағы қатынастар орнатылады. Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесіндегі тиімділік аудиті қаржы жүйелерінің заңды дамуының нәтижесі болып табылады және алға қойылған әлеуметтік-экономикалық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің пәрменді факторына айналады. Қаржы аудиті шеңберінде бюджет қаражатының заңдылығы мен нысаналы жұмсалыуына тексерулер, ал тиімділік аудиті - өздеріне жүктелген функциялар мен қойылған міндеттерді орындау үшін алынған мемлекеттік қаражатты олардың пайдалану тиімділігін айқындау мақсатында мемлекеттік билік органдары мен мемлекеттік қаражатты басқа алушылардың қызметін тексерулер жүргізу қажет.

Коммуналдық мекемелерде қаражатты пайдалану тиімділігінің бухгалтерлік есебі мен аудитін дамыту үшін мыналар ұсынылады:

1) кірістерді есепке алу жөніндегі бухгалтерлік жазбаның құрылымына қосымша кодтауды енгізу арқылы кірістерді бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің біріздендірілген әдістемесін қолдану жөніндегі ұсынымдарды қамтуға тиіс. Мұндай әдістемені қолдану аналитикалық басқару есебінің қосымша карточкаларын жүргізуді болдырмауға мүмкіндік береді, бухгалтерлік есептің ақпараттылығын едәуір арттырады.

2) коммуналдық қызметтерді есепке алу бойынша ақпараттық және егжей-тегжейлі сан алуан дәрежедегі көрсеткіштердің кешенді жүйесінің анықтамалығын қолдану, бұл мекемені ұстау бойынша шығыстарды дәл және дұрыс көрсетуге мүмкіндік береді және энергия үнемдеу